Әділет

## Зеленов, Теректі, Тасқала және Бөрлі аудандарының аумағында карантин аймағын белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2006 жылғы 28 ақпандағы N 90 қаулысы. Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментімен 2006 жылғы 20 наурызда N 2959 тіркелген. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009 жылғы 14 тамыздағы N 187 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009.08.14 N 187 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Өсімдіктер карантині туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Зеленов, Теректі, Тасқала және Бөрлі аудандары аумағында карантиндік арам-шөп ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшадағыға сәйкес Зеленов, Теректі, Тасқала, Бөрлі және Сырым аудандарының ауылдық округтері аумағындағы карантиндік арам-шөп ошақтарында карантин аймағы белгіленсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2007.05.11 N 104 Қаулысымен.

2. Зеленов, Теректі, Тасқала, Бөрлі және Сырым аудандарының карантин аймағынан тыс жерлерге зақымдалған карантинге жататын өсімдік тектес өнімдерді әкетуге шектеу қойылсын.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2007.05.11 N 104 Қаулысымен.

3. Зеленов, Теректі, Тасқала, Бөрлі және Сырым аудандарының әкімдері мыналарды қамтамасыз етсін:

1) тұрғындарға және ауылшаруашылығы құрылымдарының басшыларына карантин режимі жарияланғандығы және карантиндік объектілерді жою жөніндегі шаралар туралы хабарласын;

2) аудандардың тиісті аумақтарында карантиндік іс-шараларды ұйымдастырсын және жүргізсін;

3) өсімдік карантині мамандарына анықталған ошақтарды зерттеу, оқшаулау және жою жөніндегі шараларды жүргізуде көмек көрсетсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде басқа да қажетті шараларды алсын.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің

2007.05.11 N 104 Қаулысымен.

4. Облыс әкімдігінің "Зеленов ауданының аумағында карантин аймағын белгілеу туралы" 2005 жылғы 25 мамырдағы N 171 қаулысы бұзылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. С. Садықовқа жүктелсін.

*Облыс әкімінің міндетін атқарушы*

Облыс әкімінің
2006 жылғы 28 ақпандағы
N 90 қаулысына қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2007.05.11 N 104 Қаулысымен.

## Зеленов, Теректі, Тасқала, Бөрлі және Сырым аудандары аумағындағы карантиндік арам-шөп ошақтарының карантин аймағы

| Аудан атауы | Ауылдық округтің атауы | Ауылшаруа- шылығы құрылым- дарының атауы | Каран- тиндік арам-шөп атауы | Зақым- далған алаң, га |
|---|---|---|---|---|
| Зеленов | Переметный | "Бауыржан" ШҚ | Жатаған кекіре | 300 |
| | | "Колос" ш/қ | Жатаған кекіре | 365 |
| | Первосоветский | "Пермское" ЖШС | Жатаған кекіре | 1583 |
| | Егіндібұлак | "Цыганово" ЖШС | Жатаған кекіре | 200 |
| | Ростоша | "Скиф" ШҚ | Жатаған кекіре | 400 |
| | Рубежка | "Мүлік" ШҚ | Жатаған кекіре | 411 |
| | Трекин | "Жәрдем" ш/қ | Жатаған кекіре | 313 |
| | | "Хабиев" ШҚ | Жатаған кекіре | 480 |
| | Чапов | "Турсун и К" ЖШС | Жатаған кекіре | 300 |
| | | "Шонайбеков" ШҚ | Жатаған кекіре | 375 |
| | | "Ақ-аю" ШҚ | Жатаған кекіре | 342 |
| | Чеботарев | "Хаминское" ЖШС | Жатаған кекіре | 440 |
| | | "Северный" ЖШС | Жатаған кекіре | 478 |
| | Щапов | "Аққанат" ШҚ | Жатаған кекіре | 400 |
| | Янайкин | "Дүйсен" ШҚ | Жатаған кекіре | 500 |
| | Көшім | "Лұқпанов" ШҚ | Жатаған кекіре | 1000 |
| | Макаров | "Ақназар" ШҚ | Жатаған кекіре | 1470 |
| | Дариян | "Алдагер" ШҚ | Жатаған кекіре | 770 |
| | | "Дружба и К" ШҚ | Жатаған кекіре | 410 |
| | Зеленов | "Тасмұхам- бетов" ШҚ | Жатаған кекіре | 1000 |
| | | "Нұрсұлтан" ШҚ | Жатаған кекіре | 500 |
| | | "Зеленое" ЖШС | Жатаған кекіре | 1199 |
| | Железнов | "Авангард" ЖШС | Жатаған кекіре | 1000 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Красноармей- ский | "Емболат" ЖШС | Жатаған кекіре | 210 |
| Жиынтығы: | | | Жатаған кекіре | 14446 |
| | Дариян | | Амброзия | 50 |
| | Рубежка | | Арам шырмауық ( повилика) | 50 |
| | Переметный | | Арам шырмауық ( повилика) | 40 |
| Теректі | Ақжайық | "Әділ" ШҚ | Жатаған кекіре | 400 |
| | | "Ермұхан" ЖШС | Жатаған кекіре | 450 |
| | | "Есет" ш/қ | Жатаған кекіре | 345 |
| | Аңқаты | "Айсұлу" ШҚ | Жатаған кекіре | 410 |
| | Подстепное | "Айтиева" ЖШС | Жатаған кекіре | 250 |
| | | "Салтанат" ш/қ | Жатаған кекіре | 150 |
| | Новопавловка | "Бостандық" ШҚ | Жатаған кекіре | 400 |
| | | "Мадиев С.А." ш/қ | Жатаған кекіре | 25 |
| | | "Ахмадиев А.К." ЖШС | Жатаған кекіре | 300 |
| Жиынтығы: | | | Жатаған кекіре | 2730 |
| Тасқала | Тасқала | "Луч" ЖШС | Жатаған кекіре | 756 |
| | Ақтау | "Ақ-бұлақ" ш/қ | Жатаған кекіре | 700 |
| | Мерей | "Кемешов С.В." ш/қ | Жатаған кекіре | 600 |
| | | "Арғымак- Тасқала" ӨК | Жатаған кекіре | 200 |
| Жиынтығы: | | | Жатаған кекіре | 2256 |
| Бөрлі | Бумакөл | "Бума" ЖШС | Жатаған кекіре | 343 |
| | Қанай | "Шұғыла" ЖШС | Жатаған кекіре | 350 |
| | | "Әлия" ш/қ | Жатаған кекіре | 600 |
| | Александров | "Испусинов" ШҚ | Жатаған кекіре | 132 |
| Жиынтығы: | | | Жатаған кекіре | 1425 |
| Сырым | Бұлан | "Бұлан" ЖШС | Жатаған кекіре | 230 |
| | | | Жатаған кекіре | 230 |
| Барлығы: | | | Жатаған кекіре | 21087 |
| | | | Амброзия | 50 |
| | | | Арам шырмауық ( повилика) | 90 |

Толық берілуі:
ш/қ - шаруа қожалығы
ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК